

Әкімдіктің 2017 жылғы 8 желтоқсандағы № 626 "2018 жылға арналған субсидияланатын тыңайтқыштар түрлерінің тізбесін және тыңайтқыштарды сатушыдан сатып алынған тыңайтқыштардың 1 тоннасына (килограммына, литріне) арналған субсидиялардың нормаларын бекіту туралы" қаулысына толықтырулар енгізу туралы

Қостанай облысы әкімдігінің 2018 жылғы 14 қыркүйектегі № 410 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 17 қыркүйекте № 8041 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 6 сәуірдегі № 4-4/305 "Тыңайтқыштардың құнын (органикалық тыңайтқыштарды қоспағанда) субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11223 болып тіркелген) сәйкес Қостанай облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қостанай облысы әкімдігінің 2017 жылғы 8 желтоқсандағы № 626 "2018 жылға арналған субсидияланатын тыңайтқыштар түрлерінің тізбесін және тыңайтқыштарды сатушыдан сатып алынған тыңайтқыштардың 1 тоннасына (килограммына, литріне) арналған субсидиялардың нормаларын бекіту туралы" қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7431 болып тіркелген, 2018 жылғы 4 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген 2018 жылға субсидияланатын тыңайтқыштар түрлерінің тізбесі және тыңайтқыштарды сатушыдан сатып алынған тыңайтқыштардың 1 тоннасына (килограммына, литріне) арналған субсидиялардың нормалары:

мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 7-2, 7-3, 7-4, жолдармен толықтырылсын:

"

7-2	10:26:26 маркалы азот-фосфор-калийлі тыңайтқыш	N-10, P2O5-26, K2O-26, S-1,7	тонна	59000
7-3	НРК-тыңайтқыш Кешенді минералды азот-фосфор-калийлі тыңайтқыш (НРК-тыңайтқыш)	N-15, P2O5-15, K2O-15 N-15, P2O5-15, K2O-15	тонна	59000
7-4	КАС+ сұйық тыңайтқышы	N-28-34, K2O-0,052, SO3-0,046, Fe-0,04 (EDTA)	тонна	42500

".

;

мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31, 32, 33, 34, 35, 36, 37 – жолдармен толықтырылсын:

"

--	--	--	--	--

25	Kristalon Yellow 13-40-13 минералды тыңайтқыш	N-13, NH ₄ -8,6, NO ₃ - 4,4, P ₂ O ₅ -40, K ₂ O-13, SO ₃ -27,5, B-0,025, Cu-0,01, Fe-0,07, Mn-0,04, Zn-0,025, Mo-0,004	тонна	350000
26	Изагри-М, Бор маркасы минералды тыңайтқышы	B-12,32, Mo-1, өткіш агенті – 17	литр	825
27	Изагри-К, Мыс маркасы минералды тыңайтқышы	Cu-11,14, N-10,79, S-8,96, аминақышқылдар, биобелсенді L-нысанда-11, өткіш агенті-1	литр	870
28	Изагри-К, Калий маркасы минералды тыңайтқышы	K ₂ O-15,2, P ₂ O ₅ -6,6, N-6,6, NO ₃ -2,5, SO ₃ -4,6, Mn-0,33, Cu-0,12, Zn-0,07, Fe-0,07, Mo-0,07, B-0,01, Se-0,003, Co-0,001, жұғатын заттардың кешені-1	литр	525
29	Изагри-К, Вита маркасы минералды тыңайтқышы	Zn-2,51, Cu-1,92, Mn-0,37, Mo-0,22, B-0,16, Fe-0,40, Co-0,11, Ni-0,006, N-3,20, K ₂ O- 0,06, SO ₃ -9,34, MgO-2,28, аминақышқылдар L- белсенді түрде-15	литр	1080
30	Концентрленген кальций нитраты	CaO-32, N-17	тонна	112000
31	Калий селитрасы, СХ маркасы	N-13,7, K ₂ O-46,2	тонна	242000
32	6-сулы азотқышқылды магний (магнийлі селитра)	MgO-15,5, N-11,1	тонна	135000
33	Грогрин микро Феррал 6 (Fe-EDDHA)	Fe-(EDDHA)-6	тонна	1908000
34	Yara Vita Rexolin ABC тыңайтқышы	MgO-9, B-0,5, Cu-1,5, Fe-4, Mn-4, Mo-0,1, Zn-1,5	килограмм	1685,5
35	"Волски Моноформы" сұйық микротыңайтқышы "Волски Моно-Сера" маркалары	N-2, SO ₃ -72, MgO-2,3	литр	993,5
36	"Волски Моноформы" сұйық микротыңайтқышы "Волски Моно-Бор" маркалары	B-10	литр	1265
37	"Волски Микрокомплекс" сұйық кешенді минералды тыңайтқышы "Экомак" маркалары	Cu-0,97, Zn-0,98, B-0,35, Mn-0,58, Fe-0,35, Mo-0,09, N-2,4, P ₂ O ₅ -0,61, K ₂ O-1,77, SO ₃ -4,9, MgO-0,97, Co-0,18	литр	1535

"

2. "Қостанай облысы әкімдігінің ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесін " Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберілуін;

3) осы қаулыны ресми жарияланғанынан кейін Қостанай облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қостанай облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қостанай облысының әкімі

А. Мұхамбетов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК